14.05.2021-ғы № 04-08/1498 шығыс хаты

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы қ., 72
тел/факс:(7152) 33-28-75
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

г.Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 72
тел/факс:(7152) 33-28-75
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«___»_____ №_____

ЖК «Мурадимов»
Шұбарсу а., Қуаныш-1 алабы, 142 учаске

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 2021 ж. 05.05. №102279 өтінішіңізге «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ өткізген, № 5648997-1 хабарландыру, «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлют қаласындағы қолданыстағы ВЛ-0,4 кВ тіректері бойынша көше жарығын реконструкциялау» мемлекеттік сатып алуға қатысты дәлелдер расталмағанын хабарлайды.

ЖК «Мурадимов» және «АСБ Электромонтаж» ЖШС әлеуетті жеткізушілеріне шартты жеңілдікті қолдану мәселесіне қатысты 2021 ж. 29.04. № 5211148 қорытынды хаттамасына сәйкес Сізге 1 жыл – 1,4% (2018ж.), «АСБ Электромонтаж» ЖШС әлеуетті жеткізушісіне - 4 жыл – 5% (2016ж., 2017ж., 2018ж., 2020ж.) жұмыс тәжірибесі есептелгендігін хабарлаймыз. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 11.12. № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 155-тармағына сәйкес, *«Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында оның жұмыс тәжірибесі бар әрбір жыл үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз мөлшерінде, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша шартты жеңілдік береді.

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер осы жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, Конкурстық комиссия келесі әрбір

14.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір (0,1 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды».

Конкурстық құжаттамаға қосымша ескертпесіндегі 2-т., 5-т. және 9-т. 4) тармақшасына сәйкес *«Егер конкурс нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі- орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) болып табылады.*

Егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау болып табылған жағдайда, күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілер салудың, кеңейтудің, жаңғыртудың, техникалық қайта жарақтандырудың және жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялаудың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. *Әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында мыналар ескеріледі:* ***бұрын орындалған жұмыстардың осындайлығы немесе ұқсастығы,*** *тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының (бұдан әрі – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген* ***лицензияланатын қызмет түрінің бір кіші түрінде болуы шартымен ескеріледі.».***

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 5-тармағында әлеуетті өнім берушілер *«Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер электрондық депозитарийдегі құжаттарға сәйкес расталады (болған жағдайда толтырылады)»* деп көрсетеді.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшада Сіз мәлімдеген 2017 ж., 2019 ж., 2020 ж. жұмыс тәжірибесі конкурста сатып алынатын жұмыстарға осындай (ұқсас) болып табылмайтындығына *(есіктер/қақпалар/турникеттік жүйелер/қоршаулар мен ұқсас бұйымдар орнату (монтаждау) жөніндегі жұмыстар және т. б.)* және сатып алу мәніне сәйкес келмеуіне *(көшелерді жарықтандыруды ағымдағы жөндеу және т. б.)* байланысты назарға алынбаған, бұл ретте 2018 жылғы жұмыс тәжірибесі есепке алынған.

14.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші «АСБ Электромонтаж» ЖШС растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттамаға 5-қосымшада 2016ж., 2017ж., 2018ж., 2020ж.жұмыс тәжірибесін мәлімдеді.

Осылайша, Конкурстық комиссия Сізге жұмыс тәжірибесі үшін 1,4% мөлшерінде шартты жеңілдік және әлеуетті жеткізуші «АСБ Электромонтаж» ЖШС 5% негізді қолданды.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 2015 ж. 30.11. №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өткен жөн.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 ж. 12.01. № 221 Заңының 12-бабы, 14-бабы 6-тармағына сәйкес, Сіздің өтініш бойынша қабылданған шешімге бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, сондай-ақ қабылданған шешім туралы белгілі болған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей сотқа шағым жасауға құқығыңыз бар.

Басшы орынбасары **З.Қапарова**

Орынд.: Ереженов Ж.Ж.
Тел.: 8(7152)33-28-75

14.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)